

# Информатика және ақпарат

## Мақсаты:

**Танымдық:** ақпарат және информатика түсінігін енгізу, ақпараттың бірліктерімен таныстыру, ақпарат санын анықтаудың тәжірибелік дағдыларының қалыптасуына жағдай жасау.

**Эмоциялық:** өзіндік сана – сезімнің дамуына, жүйелі сөйлеу дағдысының қалыптасуына жағдай жасау.

**Әлеуметтік:** өзара әрекеттестікте өз пікірін дәлелдеп айту, достық қарым- қатынас орнату білуге ықпал ету.

## Негізгі идеялар:

Сабақтар барысында оқушылар компьютермен жеке жұмыс жасай алады. Ізденіс жұмыстары арқылы оқушылардың оқуға деген қызығушылықтары артады

## Күтілетін нәтижелер:

Ақпарат жайлы түсінігі қалыптасады, ақпаратты бір өлшем бірлігінен басқа өлшем бірлігіне ауыстыруды үйренеді. Сабақ барысында оқушылар өз ойларын еркін жеткізе алады

Бұл тарауды не үшін таңдадым?

Бұл сабақтарыма модульдердің идеясын түсіне отырып, ықпалдастыра енгіздім. Аталған сабақтарда оқушылардың танымдық қабілеттеріндегі өзгерісті көрсететін іс-әрекеттер көрініс тапты



## Тапсырмалар

Мотивациялық кезең

Үй тапсырмасын сұрау

Жаңа сабақ

Ақпаратты өлшеу

Компьютердегі тәжірибелік жұмыс

Кенейтілген тапсырма

Қорытынды

## Қалай істедім?

Оқушылардың көңіл – күйлеріне әсер ету арқылы, жағымды орта қалыптастыру мақсатында «Менің көңіл-күйім» тренингін ойнаттым.

Өткен сабақ бойынша берілген сұрақтарға өзара әрекеттестікте талдау жүргізу.

Адам ақпаратқа қандай амалдар қолданады?

Ақпаратты қалай өлшеуге болады?

Оқушылардың жеке ойларын білу мақсатында жүргізу.

“Ақпарат” сөзін байтпен есептеп шығарылуын түсіндіру. “Информатика” сөзін байтпен есептеп шығару, шығарылу жолын түсіндіру.

Акт мүмкіндіктерін пайдалана отырып, жеке жұмыс жүргізу. А,В,С деңгейдегі тапсырмаларды орындату.

Компьютердегі тәжірибелік жұмыс барысында берілген С деңгейдегі тапсырманы орындату

Бақылау сұрақтары.

Берілген сұрақтарға өзара әрекеттестік отырып талдау жүргізеді, дәлелдейді, түсіндіреді.

Өзінді тексер!

Бүгінгі өткен сабақ материалдары бойынша оқушылардан тест алу

## Не үшін істедім?

Оқушылардың зейіндерін тұрақтандыру, байқампаздығын дамыту әрі әр түрлі дене қимылдарын жетілдіру.

Топтаса жұмыс жасау арқылы сыни тұрғыдан ойланып, өз ойларын пайыпдап айтуға үйрету .

Оқушының өзіндік сана- сезімінің дамуына, ойын пайымдап, жүйелеп жеткізу арқылы сыни тұрғыдан ойлауына ықпал ету


Оқушылардың ақпарат көлемін өлшеу әдісін өздігінен түсінуіне қол жеткізу үшін және байланыстырып сөйлеулерін дамыту үшін,

Әр оқушы өз жұмысын өзгенің жұмысымен салыстыру арқылы коммулятивтік әңгіме жүргізіледі және өзіндік сана- сезімінің дамуына үлес қосады.

Бұл сыныптағы барлық оқушының таланттын, қабілеттін дамыта отырып , өзіндік сана- сезімінің дамуына жағдай жасау үшін

Оқушылар Акт мүмкіндіктерін пайдаланады және өз ойын дәлелдеуге, байланыстырып сөйлеуін дамыту үшін, өз жұмысын өзгемен салыстыр алады.






**ОМОЖТ Диалогтық оқыту**



**СТОУ пайым**



**ОУБ**



**Бағдарлама  
модульдерін  
сабақта  
барысында  
қолдану**



**Ақт мүмкіндіктерін  
пайдалану**



**Күрделенген тапсырма  
ТЖДБО**



**ОЖЕСО**



**ОБЖК**





## КЕЗДЕСКЕН КЕДЕРГІЛЕР, ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

- Өзара әрекеттестікте кейбір оқушылардың белсенділік танытпауы;
- оқушылардың ойын еркін жеткізе алмауы;
- Оқушының өзіне деген сенімсіздігі

- Түрлі тапсырмаларды дайындап сабаққа қызықтыру.
- Оқушыларының сөздік қорларын байытуға арналған жұмыстар.
- Топ ережелеріне жүгіну, өзін-өзі реттеуге дағдыландыру.

### Оқушылар нені үйренді?



- Әлеуметтік өзара әрекеттестікте бірін –бірі шынайы бағалауды
- Сыни ойлау арқылы өз ойларын дәлелдей білуді;
- Бір –біріне көмектесуді, түсіндіруді үйренді
- Жұптаса жұмыс жасау арқылы сөйлеу дағдылары қалыптасты;



# Рефлексия



## Не қиын болды?

1. Уақыттың жетіспеушілігі
2. Бағдарлама модульдерін бір-бірімен ықпалдастыру ;
3. Оқыту үшін бағалау стратегияларын енгізу

Алдағы уақытта осы бағдармаланың негізінде сыни ойлауға дағдыланған, сөз сөйлеу қабілеттері дамыған, өзін-өзі реттей білетін оқушыларды оқытуға және тәрбиелеуге үлес қосамын деп сенемін



## Не үйрендім?

- Жұмыс барысын жан-жақты жоспарлауды үйрендім;
- Тақырыпқа сай әдіс-тәсілдерді нәтижелі қолдануды;
- Оқушы пікірімен санасуды, шыдамдылықпен тыңдауды;